**Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу мәселелері**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 51-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 147-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2010.11.23 № 147-ө Өкімімен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Кіріспеге өзгерту енгізу көзделген - ҚР Премьер-Министрінің 2010.07.12 № 95-ө Өкімімен (жариялануға жатпайды).

Астана қаласында 2010 жылғы 23 - 26 маусым кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын тиімді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 51-ө өкімімен бекітілген

**Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

| | |
|---|---|
| Шөкеев Өмірзақ Естайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға |

| | |
|---|---|
| Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төрағаның орынбасары |
| Шаймерден Ербол Шаймерденұлы | - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, хатшы |
| Ақылбай Серік Байсейітұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Бижанов Ақан Құсайынұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Мұхамеджанов Төлеген Мұхамеджанұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Қалижанов Уәлихан Қалижанұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Қоңырбаев Уәлихан Сиянбекұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Мыңбай Дархан Қамзабекұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша) |
| Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы | - Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |
| Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі |
| Баймағанбетов Серік Нұртайұлы | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі |
| Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі |
| Досмұхамбетов Темірхан Мыңайдарұлы | - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі |
| Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі |
| Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі |
| Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы |
| Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы | - Астана қаласының әкімі |

Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Алматы қаласының әкімі

Абдрахманов Сауытбек - «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Жанаханов Қайсар Қадырұлы - «Нұр Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)

Карин Ерлан Тынымбайұлы - «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының хатшысы (келісім бойынша)

Мамашев Талғат Асылұлы - Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Мамин Асқар Ұзақбайұлы - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Тараков Александр Юрьевич - «Казахстанская правда» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 51-ө өкімімен бекітілген

РҚАО-ның ескертпесі!

Жоспарға өзгерту енгізу көзделген - ҚР Премьер-Министрінің 2010.07.12 № 95-ө Өкімімен (жариялануға жатпайды).

## Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шара атауы | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжалды шығыстар, мың тг. | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын (бұдан әрі - Құрылтай) өткізу | Жұмыс жоспары | ММ, ДҚҚ (келісім бойынша), ДСМ, ІІМ, ККМ, ТСМ, Астана қаласының әкімдігі, « | 2010 жылғы сәуір | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі жұмыс тобын құру | | Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ( келісім бойынша ) | | | |
| 2. | Құрылтай делегаттарының тізімін жасау, шақыру қағаздарын жіберу, виза ашу және олардың Қазақстанға келуін қамтамасыз ету | ММ-ға ақпарат | ММ, СІМ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы сәуір | Талап етілмейді | |
| 3. | Құрылтай делегаттарын қарсы алуды, тіркеуді, қонақ үйлерге орналастыруды, тамақтандыруды, көлікпен қызмет көрсетуді ұйымдастыру | Нөмірлерді броньдау | ММ, Астана қаласының әкімдігі, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы мамыр-маусым | 62 000 | Республикалық бюджет |
| 4. | Құрылтайға қатысушылар үшін үлестіру материалдарын дайындау | Таратылатын құжаттар пакеті | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы мамыр-маусым | 10 000 | Республикалық бюджет |
| 5. | Құрылтай делегаттарының жол жүруі үшін Алматы - Астана - Алматы бағыты бойынша арнайы поезд ұйымдастыру | ММ-ға ақпарат | ММ, ККМ, « Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ( келісім бойынша ), ДҚҚ (келісім бойынша) | 2010 жылғы маусым | 4 500 | Республикалық бюджет |
| 6. | Құрылтайға қатысушылар үшін естелік кәдесыйлар дайындау | Кәдесыйлар тізім бойынша | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы маусым | 13 000 | Республикалық бюджет |
| 7. | Құрылтай өтетін жерде, әуежайда және қатысушылар мен қонақтар жүретін бағыттарда қаланы безендіру | Қаланы безендіру нобайы, ұрандар, билбордтар және пилоналар | Астана қаласының әкімдігі | 2010 жылғы 10 -30 маусым | 4 000 | Жергілікті бюджет |
| 8. | Құрылтайдың ресми қонақтарын мемлекеттік органдарға бекітіп беру (қарсы алу/ шығарып салу, бірге жүру) | Қарсы алу/ шығарып салу кестелері | ММ, Астана қаласының әкімдігі, мүдделі мемлекеттік органдар, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 23 - 26 маусым | Талап етілмейді | |
| | Құрылтай өткізілетін орындарда | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | медициналық көмек пункттерін ұйымдастыру | Іс-қимыл жоспары | ДСМ, Астана қаласының әкімдігі | 2010 жылғы 23 - 26 маусым | Талап етілмейді | |
| 10. | Құрылтайға өткізу кезеңінде қатысушылардың қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету | Іс-қимыл жоспары | ІІМ | 2010 жылғы 23 - 26 маусым | Талап етілмейді | |
| 11. | Құрылтай делегаттары үшін Астананың мәдени-тарихи орындарына экскурсия ұйымдастыру | ММ-ға ақпарат | Астана қаласының әкімдігі, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 23 маусым | 1 000 | Жергілікті бюджет |
| 12. | «Этноауыл» уақытша кешенін ұйымдастыру | ММ-ға ақпарат | Астана қаласының әкімдігі, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 24 маусым | 10 000 | Жергілікті бюджет |
| 13. | «Қазақ елі» монументіне гүл шоқтарын қою салтанатын ұйымдастыру | «Қазақ елі» монументіне бару | ММ, Астана қаласының әкімдігі, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 24 маусым | 500 | Республикалық бюджет |
| 14. | Салтанатты және пленарлық, секциялық мәжілістер өткізу | Мәжілістерді өткізу | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 24 маусым | Талап етілмейді | |
| 15. | Өнер шеберлерінің концертін ұйымдастыру | Концерт | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 24 маусым | 7 000 | Республикалық бюджет |
| 16. | Қолданбалы өнер шеберлері жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру | Көрме | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 25 маусым | 500 | Республикалық бюджет |
| 17. | Шетелден келген жастар арасында футбол турнирін ұйымдастыру | ММ-ға ақпарат | ММ, ТСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 25 маусым | 500 | Республикалық бюджет |
| 18. | Ұлттық спорт түрлері бойынша жарыс ұйымдастыру | ММ-ға ақпарат | ММ, ТСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы 25 маусым | 500 | Республикалық бюджет |
| 19. | Ақындардың халықаралық мүшәйрасы мен шетелден келген жастардың шығармашылық | ММ-ға ақпарат | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша | 2010 жылғы 25 маусым | 4 335 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | кешін ұйымдастыру және өткізу | | ), Астана қаласының әкімдігі | | | Республикалық бюджет |
| 20. | Құрылтайдың құжаттар жинағын және «Алтын бесік», «Туған тіл» журналдарының арнайы нөмірін шығаруды қамтамасыз ету | Жинақ пен журналдар шығару | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша ) | 2010 жылғы маусым - шілде | 1 500 | Республикалық бюджет |
| 21. | Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын өткізу жөніндегі қорытынды ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ММ | 2010 жылғы 20 шілде | Талап етілмейді | |
| | | | | | **Барлығы: 119 335 мың теңге -104 335** мың теңге - **15 000** мың теңге. | Республикалық бюджеттен Жергілікті бюджеттен |

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ» - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ДҚҚ - Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК